



«Астана медицина университеті» КеАҚ

Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»

ББ-АстМУ-25
7 беттің 1 беті



БЕКІТІЛДІ

«Астана медицина университеті» КеАҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен

2025 жылғы «08» тамыз, № 9 хаттама

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«7R01155 – Неврология (балалар)»

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 7 беттің 2 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»	

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім саласы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламаларының тобы	R037 Неврология (ересектер, балалар)
Білім беру бағдарламасы	7R01155 Неврология (балалар)
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Балалық шақтағы неврологиялық бейіндегі пациенттерге медициналық көмек көрсету кезінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті жоғары білікті мамандар даярлау, медицинада, ғылым мен практикада озық инновациялық технологияларды қолдану және дамыту, ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін пайдалану, халықтың денсаулығын нығайту
Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа білім беру бағдарламасы
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	7
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Жоқ
Берілетін дәреже	Резидент
Оқыту мерзімі	2 жыл
Жоғары білім бейіні	Резидентура
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Заманауи білім мен технологияларды қолдана отырып, жүйке жүйесі аурулары бар балаларға медициналық көмектің толық спектрін көрсете алатын, сондай-ақ денсаулық сақтаудың өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын жоғары білікті мамандарды даярлау. Бұған диагностика, емдеу және алдын алу, сондай-ақ пациент пен оның отбасының қажеттіліктеріне бағытталған ғылыми және кәсіби қызмет кіреді.
Білім беру бағдарламасының аккредиттеуі және сертификациясы	Жоқ
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Базалық медициналық білім, жоғары медициналық білім, интернатураның болуы
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Маман лауазымдарының тізбесі	Балалар неврологы, медициналық ұйымның құрылымдық бөлімшесінің меңгерушісі-балалар неврологы; учаскелік балалар неврологы
Кәсіби қызмет саласы	Балалар неврологиясы
Кәсіби қызмет функциясы	Неврологиялық аурулары бар пациенттердің (балалардың) профилактикасы, диагностикасы, лечение, медициналық оңалтуы
Кәсіби қызмет түрлері	Жүйке жүйесінің аурулары және (немесе) жағдайлары кезінде пациенттерге (балаларға) медициналық көмек көрсету

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 7 беттің 3 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»	

2. Бітірушінің құзыреті және оқытудың нәтижесі

2.1 Білім беру бағдарламасының құзыреті және оқыту нәтижелері

№	Құзыреті	Оқыту нәтижелері
	Жалпы құзыреті	№ ЖҚ
1	Балалық шақтағы неврологиялық науқастың курациясы:	ЖҚ-1
	клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, тексеру және емдеу жоспарын тағайындай алады және медициналық көмектің барлық деңгейлерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады	ОН 1
2	Байланыс және ынтымақтастық:	ЖҚ-2
	• Тиімді кәсіби, жеке және корпоративтік коммуникацияларды жүзеге асыру, әріптестеріне, пациенттерге және олардың жақындарына құрметпен қарау; • Тігінен және көлденеңінен пәнаралық және кәсіпаралық коммуникацияны дамыту; • Тиімді қарым-қатынас үшін қауіп-қатерді анықтау және оларды жеңу үшін шешімдер әзірлеу, қақтығыстарды басқарудың принциптері мен әдістерін меңгеру; • Өз ойларын дұрыс, логикалық байланысты ауызша және жазбаша түрде рәсімдеу; • Іскерлік хат алмасуды жүзеге асыру, презентациялар өткізу және келіссөздер жүргізу, іскерлік Этикет ережесін пайдалану; • Еркін меңгеру деңгейінде кемінде бір шет тілін, оның ішінде медициналық және іскерлік ақпаратты білу; • Пациенттермен және олардың отбасыларымен қарым-қатынас кезінде ұқыпты, сыйластық мінез-құлықты, деонтологиялық нормалар мен қағидаттарды сақтауды көрсету, пациенттердің сұрақтарына дұрыс жауап беру, тағайындаулардың негізділігін және диагностикалық және терапевтік рәсімдердің нәтижелерін қолжетімді нысанда түсіндіру; • Жұмыста жағымды әдеттерді, соның ішінде ұқыптылық пен кәсіби көріністі көрсету.	ОН 2
3	Қауіпсіздік және сапа:	ЖҚ-3
	Балаларға медициналық неврологиялық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті.	ОН 3
4	Қоғамдық денсаулық сақтау:	ЖҚ-4
	Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде өз мамандығы бойынша (қоғамдық денсаулық) әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпқойаралық командалардың құрамында жұмыс істеуге қабілетті	ОН 4
5	Зерттеулер:	ЖҚ-5
	Барабар зерттеу сұрақтарын тұжырымдай алады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатыса алады.	ОН 5

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»	ББ-АстМУ-25 7 беттің 4 беті
6	Оқыту және дамыту:	ЖҚ-6
	• Зерттелетін материалдар мен дағдыларға жоғары шоғырлану және назар аудару; • оқуға және практикалық сабақтарға жауапкершілікпен қарайды, алған білімдерін жұмыста дұрыс пайдаланады; • жақсы және анық ойлау; • баспа және электрондық ақпарат көздерін пайдалану арқылы өз білімдерін қосымша өз бетінше толықтыру; • қателіктер бойынша жұмыс жүргізу, кәсіби біліктілігі және дағдыларын үздіксіз арттыру	ОН 6
	Кәсіби құзыреттер	№ КҚ
7	Білім және түсінік:	КҚ- 1
	• Балаларға неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың, науқастарды диспансерлеуді ұйымдастырудың және жүргізудің жалпы мәселелері; • қалыпты және патологиялық анатомия, топографиялық анатомия, орталық, перифериялық, вегетативті жүйке жүйесінің қалыпты және патологиялық физиологиясы, әсіресе балалардағы мәселелер; • балалардағы жүйке жүйесі ауруларының синдромологиясы және топикалық пропедевтикасы мәселелері; • балалардың жүйке аурулары клиникасында қолданылатын диагностиканың қосымша аспаптық және зертханалық әдістеріне көрсеткіштер; • балалардың жүйке аурулары клиникасында қолданылатын терапия принциптері мен әдістері; • тұқым қуалайтын жүйке жүйесінің аурулары кезіндегі генетиканың жалпы сұрақтары; • балалардағы неврологиялық ауруларды оңалту принциптері мен әдістері; • балалардағы жүйке жүйесінің ауруларын хирургиялық емдеуге көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер.	ОН 1 ОН 2 ОН 3
8	Білім мен түсінікті қолдану:	КҚ-2
	• 1 жасқа дейінгі баланың неврологиялық жағдайын бағалау; • Бір жастан асқан баланың неврологиялық жағдайын бағалау; • Глазго кома шкаласы бойынша сана деңгейін бағалау; • Хаммерсмит шкаласы бойынша балалар мен жаңа туған нәрестелердің неврологиялық жағдайын бағалау; • 6 минуттық жаяу жүру сынақтарын, Скотт, Вьюнс шкалаларын, баспалдақпен көтерілу сынағын, Говерс сынағын, CHOP-INTEND, HINE, RULM сынақтарын пайдалану; • Халықаралық қызмет ету классификациясы бойынша бағалау; • Нейропсихологиялық зерттеу әдісін қолдана отырып, баланың жасына сәйкес когнитивті функцияларын зерттеу (0-ден 18 жасқа дейін); • Электроэнцефалография деректерін талдау және түсіндіру; • Электроневромиография деректерін талдау және түсіндіру; • КТ, мидың, омыртқаның және жұлынның МРТ, бұлшықет МРТ нәтижелерін талдау және түсіндіру; • Церебральды ангиография нәтижелерін талдау және түсіндіру; • Бас пен мойынның магистральдық тамырларын ультрадыбыстық доплерография және дуплексті сканерлеу, нейросонография нәтижелерін талдау және түсіндіру; • Жалпы клиникалық, биохимиялық, иммунологиялық қан анализін талдау және түсіндіру; • Ликвордың жалпы, бактериологиялық және иммунологиялық талдауын талдау және түсіндіру;	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 7

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 7 беттің 5 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»	
	• Балаларда люмбальды пункция жүргізу; • Балалық шақтың неврологиялық ауруларындағы заманауи жіктемелерге сәйкес неврологиялық диагнозды негіздеу және тұжырымдау. • Балалардағы неврологиялық аурулар кезінде диагностика, емдеу және оңалту алгоритмдерін әртүрлі деңгейде қолдану. • Өмірге қауіп төндіретін неврологиялық жағдайларда, сондай-ақ төтенше жағдайларда, эпидемияларда және жаппай зақымдану ошақтарында тұрғындарға балалық шақтағы пациенттерге алғашқы және шұғыл медициналық көмек көрсету • Балалардағы мидың ісіну синдромы, жедел сананың бұзылуы және коматозды жағдайлар кезіндегі диагностика және шұғыл көмек; • Балалардағы жедел ми қанайналымы кезінде диагностика және шұғыл көмек; • Балалардағы эпилепсиялық статус кезіндегі диагностика және шұғыл көмек; • Балалардағы жедел қимылсыздық жағдайларындағы диагностика және шұғыл көмек. • Жұтынуды тестілеудің скрининг тәсілдері және әдістері. • PedNIHSS шкаласы бойынша инсульттің ауырлығын анықтау-педиатриялық инсульт шкаласы, балалар инсультінің нәтижесін бағалау шкаласы (Psom-Pediatric Stroke Outcome Measure) және оларды түсіндіру • GMFCS, MACS, EDACS жіктеу жүйелерін қолдана отырып, церебральды сал ауруы бар балалардың функционалдық мәртебесін бағалау • Шашыранды склероздың диагностикалық критерийін анықтау / Курцке шкаласы (EDSS) McDonald критерийлері. • Миастенияның диагностикалық критерийлерін анықтау (прозерин сынамасын жүргізу техникасы мен әдістері).	
9	Кәсіпқойлықты дамыту	КҚ-3
	• Клиникалық ойлауды жетілдіру; • Физикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескере отырып, халыққа медициналық неврологиялық көмекті тиімді және білікті түрде көрсету; • Дәлелді медицина принциптері негізінде шешім қабылдау; • Альтруизм, жанашырлық, жауапкершілік, адалдық және құпиялылық принциптерін сақтау сияқты кәсіби құндылықтарға адал болу; • Заманауи неврологияның ғылыми жетістіктерін қолдана білу, кәсіби қызметінде заманауи емдеу-диагностикалық технологияларды енгізу; • Кәсіби қызмет барысында басқаларды оқытуға және өз білімі мен дағдыларын жетілдіруге қабілетті болу	ОН 2 ОН 5 ОН 6 ОН 8

2.2 Оқытудың нәтижесі

№	Код	Оқытудың нәтижесі	Тиісті еңбек функциялары
1	PO1	Балалық шақтағы неврологиялық пациенттің курациясы: клиникалық диагнозды тұжырымдауға, тексеру және емдеу жоспарын тағайындауға және медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде оның тиімділігін бағалауға қабілетті	Пациенттердегі (балалардағы) жүйке жүйесі ауруларын диагностикалаудың аспаптық әдістері. Пациенттердегі жүйке жүйесі ауруларының диагностикасы (балалар). Үздіксіз кәсіби даму.
2	PO2	Коммуникация және	Үздіксіз кәсіби даму.



		коллорабация: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті.	Неврологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық сараптама жүргізу. Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу
3	PO3	Қауіпсіздік және сапа: балаларға медициналық неврологиялық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қауіптерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті.	Тұрғындар арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, жүргізу және олардың тиімділігін бақылау. Үздіксіз кәсіби даму. Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу
4	PO 4	Өз мамандығы (қоғамдық денсаулық) бойынша Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық аясы шеңберінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті	Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу. Пациенттердегі жүйке жүйесі ауруларының диагностикасы (балалар). Үздіксіз кәсіби даму.
5	PO-5	Зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорды тиімді пайдалануға, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті.	Үздіксіз кәсіби даму. Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу Тұрғындар арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, жүргізу және олардың тиімділігін бақылау.
6	PO-6	Оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысуға қабілетті	Үздіксіз кәсіби даму.
7	PO 7	Кезек күттірмейтін көмек: диагностика, дифференциалды диагностика жүргізуге, басқа мамандармен бірлесе отырып, балалар неврологы дәрігерінің тәжірибесінде туындауы мүмкін балалардың өміріне қауіп төндіретін жіті жағдайларда кезек күттірмейтін көмек көрсетуге қабілетті.	Пациенттердегі (балалар) жүйке жүйесі ауруларының диагностикасы Тұрғындар арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, жүргізу және олардың тиімділігін бақылау. Пациенттердегі (балалардағы) жүйке жүйесі ауруларын диагностикалаудың аспаптық әдістері. Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (балалардағы) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу. Пациенттерде (балаларда) жүйке жүйесі аурулары бар пациенттерді қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту.
8	PO 8	Дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес емдеу алгоритмін құру, хирургиялық емдеуге айғақтар	Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (балалардағы) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		ББ-АстМУ-25 7 беттің 7 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01155 – Неврология (балалар)»		
		мен қарсы айғақтарды айқындау, нейрореабилитациялық іс-шаралар алгоритмдерін тағайындауға және қолдануға қабілетті.	Пациенттердегі жүйке жүйесі ауруларының диагностикасы (балалар). Пациенттерде (балаларда) жүйке жүйесі аурулары бар пациенттерді қалпына келтіріп емдеу және медициналық оңалту. Медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу. Неврологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық сараптама жүргізу. Пациенттердегі (балалардағы) жүйке жүйесі ауруларын диагностикалаудың аспаптық әдістері.